



## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАНЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУ АКАДЕМИЯСЫ

### ДАУЫС БЕРУ ТӘРТІБІ. ДАУЫС БЕРУ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫН АНЫҚТАУ

**Мақсаты:** дауыс беру тәртібін зерттеу және дауыс беру нәтижелерін анықтау.

**Жоспары:**

1. Сайлау бюллетені.
2. Дауыс беру уақыты мен орны. Дауыс беруге арналған үй-жай.
3. Дауыс беруді ашу. Дауыс беруді ұйымдастыру және өткізу.
4. УСК-ның байқаушылармен, шетелдік (халықаралық) байқаушылармен және БАҚ өкілдерімен, дауыс беру күні дауыс беруге арналған үй-жайға қатысуға құқығы бар өзге де адамдармен өзара іс-қимылы.
5. Сайлау учаскесіндегі (дауыс беру пунктіндегі) дауыстарды санау.
6. Сайлау қорытындыларын анықтау және жариялау.
7. Президентті, Парламент, мәслихаттар депутаттарын, аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімін және өзге де жергілікті өзін-өзі басқару органдарының мүшелерін тіркеу.
8. Президенттің, Парламент, мәслихаттар депутатының куәлігі мен омырауға тағатын белгісі, аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің және өзге де жергілікті өзін-өзі басқару органы мүшесінің куәлігі.



## Сайлау бюллетені

### Саны

Сайлау округіндегі сайлаушылардың жалпы санының 1 пайызы резервімен сайлау округіндегі сайлаушылардың санына тең мөлшерде дайындалады

### Пішін және мәтін

ҚР ОСК бекітеді, бұл ретте:

- мемлекеттік тілдің әліпбилік тәртібімен тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе) көрсетіле отырып, барлық тіркелген кандидаттар және «Барлығына қарсы» жолы енгізіледі.
- Саяси партиялар үшін дауыс беру үшін жеребе арқылы айқындалған тәртіппен саяси партиялардың атаулары және "барлығына қарсы" деген жол енгізіледі.
- мемлекеттік және орыс тілдерінде басылады

### Жеткізу

Учаскелік сайлау комиссияларына сайлау учаскесіндегі сайлаушылардың жалпы санының 1 пайыз резервімен сайлаудан кемінде үш күн бұрын және бір күн бұрын жеткізіледі





## Дауыс беру уақыты

### жергілікті уақыт бойынша сағат 07.00-ден 20.00-ге дейін

Президентті, Парламент Мәжілісі және мәслихаттар депутаттарын, аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімін, өзге де жергілікті өзін-өзі басқару органдары мүшелерін сайлау бойынша дауыс беру

### Бір күн ішінде. Дауыс беру уақытын АСК анықтайды.

Сенат депутаттарын сайлау бойынша дауыс беру

Аумақтық сайлау комиссиялары тиісті әкімнің, учаскелік сайлау комиссияларының ұсынуы бойынша дауыс беруді бастайтын және аяқтайтын өзге де уақыт белгілеуге құқылы

Ө  
Т  
К  
і  
з  
у

Х  
А  
Б  
А  
Р  
Л  
А  
Н  
Д  
Ы  
Р  
У


### кемінде он күн дауыс беру күніне дейін

УСК Президентті, Парламент Мәжілісі және мәслихаттар депутаттарын, аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімін сайлау бойынша дауыс беретін уақыт пен орын туралы сайлаушыларды хабардар етеді

### дауыс беру күніне дейін бес күннен кешіктірмей

УСК сайлаушыларды өзге де жергілікті өзін-өзі басқару органдарының мүшелерін сайлау бойынша дауыс беру уақыты мен орны туралы хабардар етеді







## Үй-жайда дауыс беру

### Ашылуы

УСК дауыс беру басталардан бір сағат бұрын дауыс беруге арналған учаскелерді ашуға кірісуге тиіс Президентті, партиялық тізім бойынша сайланатын Мәжіліс депутаттарын, мәслихаттарды, аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімін, өзге де жергілікті өзін-өзі басқару органдары мүшелерін сайлау бойынша

АСК дауыс беру басталардан бір сағат бұрын Сенат депутаттарын және Қазақстан халқы Ассамблеясы сайлайтын Парламент Мәжілісі депутаттарын сайлау бойынша дауыс беруге арналған пункттерді ашуға кірісуге тиіс

АСК / УСК төрағасы:

- 1) дауыс беру басталардан 30 минут бұрын Комиссия мүшелерінің қатысуымен сайлау жәшіктерін, оларда сайлау бюллетеньдерінің бар-жоғын, жәшіктердің бүтіндігін тексереді, дауыс беруге арналған жәшіктерді пломбалайды немесе мөр басады;
- 2) сайлау бюллетеньдерін беруге жауапты комиссия мүшелерін айқындайды.

### Ұйымдастыру

Әрбір сайлаушы (таңдаушы) жеке өзі дауыс береді. Дауыс беру құқығын беруге, сондай-ақ сайлауда басқа адамдар үшін дауыс беруге жол берілмейді.

Дауыс беруге арналған бюллетеньдер сайлаушыларға (таңдаушыларға) сайлаушылар тізімдері (таңдаушылар тізімдері) негізінде сайлаушының (таңдаушының) жеке басын куәландыратын құжатты көрсетуі бойынша берілуге тиіс.

Сайлаушылар (таңдаушылар) тізімге бюллетеньдерді алғандығы туралы қол қояды. Бюллетеньді (бюллетеньдерді) берген комиссия мүшесі оларға өз қолын қояды, сондай-ақ бюллетеньді (бюллетеньдерді) алған сайлаушының (таңдаушының) тізімдегі тегінің тұсына қол қояды.

### Өткізу

Сайлау бюллетеньдерін дауыс беруші жасырын дауыс беруге арналған кабинада толтырады. Оларды толтыру кезінде дауыс берушіден басқа біреудің болуына тыйым салынады.

Сайлаушы (таңдаушы) өзі жақтап дауыс беретін кандидат тегінің (партия атауының) оң жағындағы бос шаршыға не «Барлығына қарсы» деген жолдың оң жағында орналасқан шаршыға кез келген белгі қояды.

Бюллетеньдерді өз бетінше толтыруға мүмкіндігі жоқ сайлаушы (таңдаушы) өзі сенім білдірген адамның көмегін пайдалануға құқылы және дауыс бергеннен кейін тегі сайлаушының (таңдаушының) бюллетеньді алғаны туралы қолының қасындағы сайлаушылар тізіміне енгізіледі.

Толтырылған бюллетеньдерді сайлаушы (таңдаушы) дауыс беруге арналған жәшікке салады.





## Тасымалданатын жәшік

## Үй-жайдан тыс дауыс беру

## Есептен шығару куәлігі

Денсаулық жағдайы бойынша, отбасының науқас мүшесіне күтім жасау себебінен дауыс беруге келе алмайтын жекелеген сайлаушылар, сайлау учаскелері құрылмаған шалғайдағы және қатынасу қиын аудандарда **дауыс беру күні жергілікті уақытпен сағат 12.00-ден кешіктірмей** дауыс беруді ұйымдастыру үшін олардың болатын жері бойынша УСК-на жазбаша өтініш бере алады

Өтініш келіп түскен кезде сайлау комиссиясының төрағасы өтініш берген сайлаушының сайлаушылар тізіміндегі аты-жөнінің тұсына тиісті белгі қояды

Тасымалданатын жәшікті сайлау комиссиясының екі мүшесі алып жүреді. Оларға байқаушылар не сенім білдірілген адамдар ілесіп жүруге құқылы

УСК мүшелері байқаушыларды, сенім білдірілген адамдарды және БАҚ өкілдерін сайлаушылардың дауыс беруге арналған үй-жайдан тыс жерде дауыс бергені туралы хабардар етуге міндетті

Бюллетень сайлаушыларға сайлаушының жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде, дауыс беруге арналған үй-жайдан тыс жерде дауыс беру туралы өтініш негізінде беріледі, бұл туралы олар өтінішке қол қояды.

Бюллетеньді берген комиссия мүшесі оған өз қолын қояды, сондай-ақ дауыс беруге арналған үй-жайдан тыс жерде дауыс беру туралы өтінішке қол қояды

Сайлаушы жалпы жұрттың танысуы үшін сайлаушылар тізімдерін ұсыну мен УСК-ның сайлау күні арасындағы кезеңде өзінің болатын орнын ауыстырған кезде сайлаушының өтініші бойынша және оның жеке басын куәландыратын құжатын көрсеткен кезде сайлаушыға дауыс беру құқығын беретін есептен шығару куәлігін береді

Сайлаушылар тізіміне тиісті белгі қойылады. Дауыс беру құқығын беретін есептен шығару куәлігін көрсеткен кезде УСК дауыс беретін күні сайлаушыны оның болатын жері бойынша сайлау учаскесіндегі сайлаушылар тізіміне енгізеді

Есептен шығару куәлігі бір елді мекен шегіндегі басқа сайлау округінде немесе басқа сайлау учаскесінде дауыс беруге қатысқысы келетін сайлаушыларға берілмейді

Есептен шығару куәліктерін беру **дауыс берілетін күннің алдындағы күні жергілікті уақыт бойынша сағат он сегізде** тоқтатылады







## Дауыс беру күні дауыс беруге арналған үй-жайда болуға құқығы бар адамдар

### Қазақстан Республикасының өкілдері

әрбір саяси партиядан бір сенім білдірілген адамнан

- АСК берген сенім білдірілген тұлғаның куәлігі
- Жеке куәлігі

әр БАҚ-тан бір сенім білдірілген адамнан

- Қызметтік куәлік
- Редакция тапсырмасы

әрбір саяси партиядан, қоғамдық бірлестіктен, өзге де ҮЕҰ-дан бір байқаушыдан

- Байқаушыны жіберетін ұйымның мөрімен расталған байқаушының аты-жөні көрсетілген құжат
- Жеке куәлігі

### Шетелдік ұйымдар мен шет мемлекеттердің өкілдері

шет мемлекеттер мен халықаралық ұйымдардың байқаушылары

- ҚР Орталық сайлау комиссиясының аккредиттеу туралы куәлігі

шетелдік БАҚ өкілдері

- ҚР Сыртқы істер министрлігінің аккредиттеу туралы куәлігі

шет мемлекеттердің, халықаралық ұйымдардың байқаушыларын және шетелдік БАҚ өкілдерін ертіп жүретін аудармашылар





## Дауыстарды санау

### 1-қадам

Комиссия төрағасының дауыс берудің аяқталғаны туралы хабарлауы

### 2-қадам

- Сайлаушылардың тізімдері бойынша бюллетеньдер алған сайлаушыларды есептеу
- Олардың жалпы санын анықтау

### 3-қадам

- Пайдаланылмаған бюллетеньдерді санау
- Пайдаланылмаған бюллетеньдерді өтеу

### 4-қадам

- Тасымалданатын сайлау жәшіктерін ашу
  - Сайлау бюллетеньдерін санау
- Тексеру: тасымалданатын сайлау жәшігіндегі бюллетеньдер саны дауыс беруге арналған үй-жайдан тыс жерде дауыс беру мүмкіндігі туралы жазбаша өтініштердің санына сәйкес келуі тиіс.*
- Жарамсыз сайлау бюллетеньдерін анықтау

### 5-қадам

- Стационарлық жәшіктерді ашу
- Сайлау бюллетеньдерін санау
- Жарамсыз сайлау бюллетеньдерін анықтау

### 6-қадам

- Дауыстарды санау нәтижелері хаттамаларға енгізіледі, оларға сайлау комиссиясының төрағасы мен мүшелері қол қояды.
- Сайлау комиссиясының төрағасы болмаған жағдайда оның орнына хаттамаларға сайлау комиссиясы төрағасының орынбасары немесе хатшысы қол қояды*







## Дауыстарды санау

### Пайдаланылмаған бюллетеньдерді есептеу және өтеу (жәшіктерді ашу алдында)

учаскедегі (дауыс беру  
пунктіндегі)  
сайлаушылардың жалпы  
саны

бюллетеньдер алған  
сайлаушылар саны

комиссияның әрбір мүшесі  
берген бюллетеньдер саны

### Пайдаланылмаған бюллетеньдерді есептеу және өтеу (жәшіктерді ашқаннан кейін)

дауыс беруге  
қатысқан  
сайлаушылардың  
жалпы саны

әрбір кандидат үшін  
берілген дауыстар  
саны

жарамсыз деп  
танылған  
бюллетеньдер саны

УСК алынған  
бюллетеньдер саны

өтелген  
бюллетеньдер саны





## Сайлау қорытындыларын анықтау және жариялау

Президентті, Парламент депутаттарын сайлау қорытындыларын ҚР ОСК белгілейді

Мәслихаттың, аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің, өзге де жергілікті өзін-өзі басқару органдарының депутаттарын сайлау қорытындыларын АСК белгілейді

Сайлау қорытындылары хаттамаға енгізіледі, оған сайлау комиссиясының төрағасы мен мүшелері қол қояды. Комиссия төрағасы болмаған жағдайда хаттамаға комиссия төрағасының орынбасары немесе хатшысы қол қояды

**сайлау күнінен бастап 10 күннен кешіктірмей**  
Президент, Парламент депутаттарының сайлауының қорытындылары туралы БАҚ-қа хабарлау

**сайлау күнінен бастап 7 күннен кешіктірмей**  
мәслихаттар депутаттарын сайлау қорытындылары туралы БАҚ-қа хабарлау

**сайлау күнінен бастап 4 күннен кешіктірмей** аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімін, өзге де жергілікті өзін-өзі басқару органдары мүшелерін сайлау қорытындылары туралы БАҚ-қа хабарлау

*Туісті сайлау комиссиясы сайлаудың алдын ала нәтижелері туралы ведомостар нысанындағы хабарламаны дауыстарды санау аяқталғаннан және туісті хаттама жасалғаннан кейін қырық сегіз сағаттан кешіктірмей жариялайды*

